

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын кеден органы мен уәкілетті органдарының арасында алдын ала хабардар ету кезіндегі электрондық өзара іс-қимыл тәртібі туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 18 желтоқсандағы № 28 ұсынымы.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 23-бабының 3-тармағына және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (көрсетілген Шартқа № 3 қосымша) 11-тармағына сәйкес,

мүше мемлекеттердің Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын кеден органдары мен уәкілетті органдарының арасындағы электрондық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ақпараттандыру және ақпараттық технологиялар саласындағы келісілген саясатын іске асыру мақсатында,

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге 2019 жылғы 1 шілдеден бастап қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын кеден органы мен уәкілетті органдарының арасында алдын ала хабардар ету кезіндегі электрондық өзара іс-қимыл тәртібін қолдануды ұсынады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 28 ұсынымына  
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын кеден органы мен уәкілетті органдарының арасында алдын ала хабардар ету кезіндегі электрондық өзара іс-қимыл ТӘРТІБІ**

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекет) Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын кеден органы мен уәкілетті органдарының арасында алдын ала хабардар ету кезіндегі электрондық өзара іс-қимылға қатысушыларды, осындай өзара іс-қимыл шеңберінде берілетін мәліметтердің құрамын, сондай-ақ мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге

асыратын уәкілетті органдарының осы мәліметтерді қарауының нәтижелерін айқындайды.

2. Электрондық өзара іс-қимылға мүше мемлекеттің кеден органы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы, ветеринария саласындағы және өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі – уәкілетті органдар) қатысады.

3. Кеден органының және уәкілетті органдардың ақпараттық жүйелерді пайдаланатын электрондық өзара іс-қимылы (бұдан әрі – ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексіне, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға және (немесе) мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Алдын ала ақпарат тіркелгеннен кейін кеден органы мынадай жағдайларда:

а) алдын ала ақпаратта:

№ 1 қосымшаға сай құжаттар түрлерінің тізбесіне сәйкес құжаттың коды туралы;

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және кедендік аумағында мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдердің (тауарлардың) бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлар үшін – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес тауарлардың кодтары туралы;

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға жататын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлар үшін – ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарлардың кодтары туралы;

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жататын карантинге жатқызылған өнімдердің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың) тізбесіне енгізілген тауарлар үшін – ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарлардың кодтары туралы;

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 7-бабына сәйкес тыйым салулар мен шектеулердің санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, карантиндік фитосанитариялық бақылау (қадағалау) бөлігінде сақталуын растау мақсатында алдын ала ақпарат беру туралы;

халықаралық тасымал көлік құралдары мен адамдарға санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды (бақылауды) жүзеге асырумен байланысты кедендік операциялар жасауды жеделдету мақсатында алдын ала ақпарат беру туралы мәліметтер болған жағдайда;

б) мүше мемлекеттің заңнамасында айқындалған өзге де жағдайларда ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылына бастамашылық жасайды.

5. Кеден органы ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы арқылы өз мемлекетінің тиісті уәкілетті органына № 2 – 4 қосымшаларға сәйкес құрамдағы алдын ала ақпараттан мәліметтер, сондай-ақ мынадай мәліметтер береді:

- а) алдын ала ақпаратты ұсынған тұлға туралы мәліметтер;
- б) алдын ала ақпараттың тіркеу нөмірі;
- в) алдын ала ақпараттың бұған дейін ұсынылған тіркеу нөмірі;
- г) тауарлардың Одақтың кедендік аумағына келетін жері;
- д) межелі кеден органының коды;
- е) контейнердің сәйкестендіру нөмірі;

ж) көлік құралының (тартқыштың), тіркеменің (тіркемелердің) және (немесе) жартылай тіркеменің тіркеу нөмірлері (тауарларды автомобиль көлігімен әкелу кезінде);

з) жөнелту рейсінің нөмірі, ұлттық тиесілілік белгілері және әуе кемесінің тіркеу нөмірі (тауарларды әуе көлігімен әкелу кезінде);

и) кеменің атауы, типі, тіркеу нөмірі және (немесе) Халықаралық теңіз ұйымы берген нөмірі, су кемесі рейсінің нөмірі (тауарларды су көлігімен әкелу кезінде);

к) вагонның сәйкестендіру нөмірі (тауарларды темір жол көлігімен әкелу кезінде).

6. Осы Тәртіптің 5-тармағында көзделген мәліметтерді кеден органы олар алдын ала ақпаратта болған жағдайда уәкілетті органға береді.

7. Уәкілетті орган ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы арқылы кеден органына осы Тәртіпке № 2 – 4 қосымшаларда көзделген алдын ала ақпараттан алынған мәліметтерді қарау нәтижелері туралы ақпаратты ұсынады.

8. Ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы кезінде Одақтың нормативтік-анықтамалық ақпаратының бірыңғай жүйесі ресурстарының құрамына кіретін анықтамалықтар мен сыныптауыштар, сондай-ақ кедендік мақсаттар үшін пайдаланылатын, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын және қолдануға жататын анықтамалықтар мен сыныптауыштар қолданылады.

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттің  
Одақтың кедендік шекарасында  
бакылауды (қадағалауды) жүзеге  
асыратын кеден органы мен  
уәкілетті органдарының  
арасында алдын ала хабардар  
ету кезіндегі электрондық өзара  
іс-қимыл тәртібіне  
№ 1 ҚОСЫМША

**Құжаттар түрлерінің ТІЗБЕСІ**

--	--	--

Құжаттың коды*	Құжаттың атауы*	Мәліметтер берілетін уәкілетті органның атауы
01201	ветеринариялық сертификат	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органы
01202	экспорттаушы елдердің эпизоотиялық жағдайын негізге ала отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органының лауазымды адамы берген бақылаудағы тауарларды әкелуге рұқсат	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органы
01204	экспорттаушы елдердің эпизоотиялық жағдайын негізге ала отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органының лауазымды адамы берген бақылаудағы тауарлардың транзитіне рұқсат	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органы
01206	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органы берген мемлекеттік тіркеу туралы куәлік	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органы
01207	фитосанитариялық сертификат	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органы
01209	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті мемлекеттік органы берген карантиндік объектілерді ( карантиндік зиянды организмдерді) ғылыми-зерттеу мақсаттарында әкелуге рұқсат	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органы

\* Құжаттың атауы және коды Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген құжаттар мен мәліметтер түрлерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын кеден органы мен уәкілетті органдарының арасында алдын ала хабардар ету кезіндегі электрондық өзара

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органы мен мүше мемлекеттің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органының электрондық өзара іс-қимылы шеңберінде берілетін мәліметтердің ҚҰРАМЫ**

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекет) кеден органы өз мемлекетінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органына Одақтың кедендік аумағына әкелінуі болжанатын халықаралық тасымалдың су көлік құралдары туралы және осындай көлік құралдарымен жүретін адамдар туралы мынадай мәліметтер береді:

а) ауру жағдайларының немесе рейс кезінде анықталған жұқпалы ауруларға күдікті адамдардың болуы (жоқтығы) туралы мәліметтер;

б) халықаралық медициналық-санитариялық декларацияға сәйкес халықаралық тасымал су көлік құралының санитариялық жағдайы туралы мәліметтер;

в) халықаралық тасымалдың су көлік құралын санитариялық айлаққа (санитариялық рейдке) орналастыру қажеттігі туралы мәліметтер;

г) жолаушыларға және экипаж мүшелеріне қатысты портта еркін практикаға рұқсат ету (шектеу) туралы шешім қабылдау туралы мәліметтер;

д) халықаралық тасымал су көлік құралының эпидемияға қарсы дайындығы туралы (инсектицидтік препараттарды, репелленттерді, тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын (маскалар, арнайы салфеткалар және т.б.) қоса алғанда), сондай-ақ экипаж мүшелерінің профилактика және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу мәселелері бойынша дайындығы туралы мәліметтер;

е) халықаралық тасымалдың су көлік құралына профилактикалық дезинсекцияның және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша дезинсекцияның жүргізілуі туралы мәліметтер;

ж) қайтадан инспекция жүргізу қажеттігі туралы мәліметтер.

2. Мүше мемлекеттің кеден органы өз мемлекетінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органына Одақтың кедендік аумағына әкелінуі болжанатын халықаралық тасымалдың әуе көлік құралдары туралы және осындай көлік құралдарымен жүретін адамдар туралы мынадай мәліметтер:

а) соңғы дезинсекцияның (немесе басқа санитариялық өңдеудің) жүргізілген күні және препараттың атауы;

б) ауру жағдайларының немесе рейс кезінде анықталған жұқпалы ауруларға күдікті адамдардың болуы туралы мәліметтер береді.

3. Мүше мемлекеттің кеден органы өз мемлекетінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органына Одақтың кедендік аумағына әкелінуі болжанатын тауарлар туралы мынадай мәліметтер береді:

- а) тауарларды жөнелтуші және алушы туралы мәліметтер;
- б) көлік (тасымал) құжатының нөмірі және жасалған күні;
- в) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес бірінші 6 белгіден кем емес деңгейдегі тауарлардың кодтары;
- г) тауарлардың атауы;
- д) өнімнің (мемлекеттік тіркелуге жататын өнімге қатысты) мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нөмірі, берілген күні және оның бланкісінің баспаханалық нөмірі;
- е) тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың және (немесе) ол оларға сәйкес дайындалған құжаттардың талаптарына өнімнің (тауардың) сәйкес келетінін растайтын құжаттың (сапа сертификатының немесе қауіпсіздік (сапа) паспортының немесе сапа туралы куәліктің немесе еркін сату сертификатының) нөмірі және берілген күні;
- ж) тауардың арналуы және қолданылу саласы туралы мәліметтер;
- з) тауарларды дайындаушының атауы және мекенжайы;
- и) тауарлардың шығарылған елі, жөнелтілген елі және баратын елі.

4. Мүше мемлекеттің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы уәкілетті органы өз мемлекетінің кеден органына төмендегі шешімдердің бірін көрсете отырып, алдын ала ақпараттағы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы ақпарат береді:

- а) халықаралық тасымал көлік құралының кіруіне медициналық-санитариялық себептер бойынша тыйым салынған;
- б) мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында орналасқан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тауарлардың келуіне рұқсат етілген, тауарларға бағалау (қарау, қарап-тексеру) жүргізу талап етіледі;
- в) мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында орналасқан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тауарлардың келуіне рұқсат етілген, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саулығы саласындағы қадағалауды (бақылауды) жүзеге асыру үшін құжаттар көрсету талап етіледі;
- г) Одақтың кедендік аумағына тауарлар әкелуге тыйым салынады;
- д) ұсынылған мәліметтер шешім қабылдау үшін жеткіліксіз.

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттің  
Одақтың кедендік шекарасында  
бақылауды (қадағалауды) жүзеге  
асыратын кеден органы мен  
уәкілетті органдарының  
арасында алдын ала хабардар

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органы мен мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органының электрондық өзара іс-қимылы шеңберінде берілетін мәліметтердің ҚҰРАМЫ**

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекет) кеден органы өз мемлекетінің ветеринария саласындағы уәкілетті органына Одақтың кедендік аумағына әкелінуі болжанатын тауарлар туралы мынадай мәліметтер береді:

а) көлік (тасымал) құжатының нөмірі және жасалған күні;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес бірінші 6 белгіден кем емес деңгейдегі тауарлардың кодтары;

в) тауарлардың атауы;

г) тауарларды әкелуге немесе олардың транзитіне рұқсаттың нөмірі және берілген күні, мүше мемлекеттің рұқсатты берген ветеринария саласындағы уәкілетті органының атауы;

д) ветеринариялық сертификаттың нөмірі және берілген күні, экспорттаушы елдің сертификатты берген құзыретті органының атауы;

е) тауарлардың таңбалануы туралы мәліметтер;

ж) ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларды айналымға шығарған кәсіпорынның нөмірі және (немесе) атауы;

з) мынадай:

ветеринариялық қолдануға арналған дәрілік препараттың тіркеу куәлігінен (саудалық атауы, тіркеу куәлігінің нөмірі, мемлекеттік тіркелген күні, тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі, өндірушінің атауы және мекенжайы);

жануарларға арналған азықтық қоспаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен (азықтық қоспаның атауы, есептік сериясы, тіркеу нөмірі, тіркелген күні, куәліктің қолданылу мерзімі, өндірушінің атауы және мекенжайы);

генетикалық-инженерлік-түрлендірілген организмдерден алынған азықты мемлекеттік тіркеу туралы куәліктен (азықтың атауы, есептік сериясы, тіркеу нөмірі, тіркелген күні, куәліктің қолданылу мерзімі, өндірушінің атауы және мекенжайы) мәліметтер.

2. Мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы уәкілетті органы өз мемлекетінің кеден органына төмендегі шешімдердің бірін көрсете отырып, алдын ала ақпараттағы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы ақпарат береді:

а) мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында орналасқан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тауарлар әкелу мақсатында келуге рұқсат етілген, тауарлар ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатады;

б) тауарларды әкелуге тыйым салынады;

в) мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында орналасқан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тауарлардың транзиті мақсатында келуге рұқсат етілген, тауарлар ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жатады;

г) тауарлардың транзитіне тыйым салынады;

д) ұсынылған мәліметтер шешім қабылдау үшін жеткіліксіз.

Еуразиялық экономикалық  
одаққа мүше мемлекеттің  
Одақтың кедендік шекарасында  
бақылауды (қадағалауды) жүзеге  
асыратын кеден органы мен  
уәкілетті органдарының  
арасында алдын ала хабардар  
ету кезіндегі электрондық өзара  
іс-қимыл тәртібіне  
№ 4 ҚОСЫМША

### **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органы мен мүше мемлекеттің өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органының электрондық өзара іс-қимылы шеңберінде берілетін мәліметтердің ҚҰРАМЫ**

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекет) кеден органы өзінің мүше мемлекетінің өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органына Одақтың кедендік аумағына әкелінуі болжанатын тауарлар туралы мынадай мәліметтер береді:

а) тауарларды жөнелтуші және алушы туралы мәліметтер;

б) көлік (тасымал) құжатының нөмірі және жасалған күні;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасына сәйкес бірінші 4 белгіден кем емес деңгейдегі тауарлардың кодтары;

г) тауарлардың атауы;

д) тауарлардың нетто (брутто) салмағы (килограммен);

е) тауарлардың шығарылған елі және орны;

ж) тауарлардың жөнелтілген жері және күні;

з) тауарлардың таңбалануы туралы мәліметтер;

и) тауарлардың залалсыздандырылуы туралы мәліметтер;

к) экспорттаушы (реэкспорттаушы) елдің өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органы берген экспорттық (реэкспорттық) фитосанитариялық сертификаттың нөмірі, берілген күні және елі;

л) карантиндік объектілерді әкелуге рұқсаттың нөмірі және берілген күні, мүше мемлекеттің рұқсатты берген өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органының атауы.

2. Мүше мемлекеттің өсімдіктердің карантині жөніндегі уәкілетті органы өз мемлекетінің кеден органына төмендегі шешімдердің бірін көрсете отырып, алдын ала ақпараттағы мәліметтерді қарау нәтижелері туралы ақпарат береді:

а) мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында орналасқан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тауарлар әкелу мақсатында келуге рұқсат етілген, тауарлар карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жатады;

б) тауарларды әкелуге тыйым салынады;

в) мүше мемлекеттің Одақтың кедендік шекарасында орналасқан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктіне тауарлардың транзиті мақсатында келуге рұқсат етілген, тауарлар карантиндік фитосанитариялық бақылауға (қадағалауға) жатады;

г) тауарлардың транзитіне тыйым салынады;

д) ұсынылған мәліметтер шешім қабылдау үшін жеткіліксіз.